

ӘОЖ 81.255.2

FTAXP 16.01.11

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.019>

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ АУДАРМА СТРАТЕГИЯЛАРЫ (ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ «ҮРКЕР» РОМАНЫ НЕГІЗІНДЕ)

* Оразбаева М.Қ.¹

* ¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Аударма – мақсатты мәтіннің мағыналық, мәдени және прагматикалық аспектілерін басқа тілде беру процесі. Алайда фразеологиялық және мәдени негіздегі тұрақты тіркестерді аудару аудармашылар үшін күрделі мәселе болып қала береді, себебі олар мәдени мәнге қанық әрі ұлттық ерекшеліктерді қамтиды.

Осы ғылыми мақаланың негізгі мақсаты – Әбіш Кекілбаевтың қазақ тілінен түрік тіліне аударылған «Үркер» романындағы фразеологизмдерді аудару барысында туындаған қиындықтарды және оларды еңсеру үшін қолданылған аударма стратегияларын кешенді түрде зерттеу.

Зерттеу бірнеше негізгі бағыттан тұрады. Алдымен «фразеологизм» терминіне теориялық тұрғыдан анықтама беріліп, оның аударма мәнмәтініндегі қызметі сараланады. Романдағы фразеологизмдер қазақ халқының мәдени болмысын, тарихи санасын бейнелеу тұрғысынан ерекше мәнге ие болғандықтан, оларды аудару барысында мәдени коннотация мен символикаға баса назар аудару қажет. Сонымен қатар, қазақ және түрік фразеологизмдерін аударуда қолданылатын негізгі стратегиялар сандық және сапалық талдау әдістері арқылы зерттеледі.

Мақаланың ғылыми маңыздылығы – «Үркер» романындағы фразеологизмдерді дереккөз ретінде ала отырып, олардың түрік тіліне аударылуында қолданылған стратегиялардың түрлері мен жиілігін жүйелі түрде талдаумен айқындалады. Талдау нәтижесінде келесі төрт мәселе анықталды:

1. Ең жиі қолданылатын стратегия – сөзбе-сөз аударма мен семантикалық балама; олардан кейін парафраз, түсіру және басқа тәсілдер кездеседі.

2. Кейбір жағдайларда сөзбе-сөз аударма нәтижесінде қазақ фразеологизмдері түрік тіліндегі лексикаға сақталып енген.

3. Сөзбе-сөз аударылған тіркестер кейде «жат» немесе түсініксіз болып қабылданып, оқырманның қабылдауына кедергі келтіруі мүмкін.

4. Фразеологизмнің мағынасы дұрыс ашылмаған жағдайда, сөзбе-сөз аударма сәтсіздікке ұшырайды.

Аударма стратегияларының табиғаты, олардың қолданылу себептері мен аударылған мәтінге ықпалы, сондай-ақ қазақ және түрік тілдеріне әсері

тереңірек зерттеліп, бұл талдау жұмыстың практикалық маңызын арттыра түседі.

Тірек сөздер: фразеологизмдер, аударма, түпнұсқа, роман, стратегия, стиль, талдау, мәнмәтін, Үркер

Кіріспе

Аударма – адамзатқа ақпарат алмасу, мәдени мұраны тарату және ғылыми жетістіктерді интерлингвистикалық деңгейде меңгеруге мүмкіндік беретін маңызды тілдік-коммуникативтік процесс. Алайда, аударма үдерісі күрделі сипатқа ие, әсіресе, фразеологизмдер мен мәдени коннотацияға ие сөз тіркестерін аудару ерекше қиындық тудырады. Мұндай бірліктерді дұрыс жеткізу аудармашының екі тілді де, олардың мәдени ерекшеліктерін де терең меңгеруін талап етеді. Сонымен қатар, мағынаны дәл жеткізу үшін аударманың нақты стратегияларын қолдана білу де аса маңызды.

Ғалым Г. Смағұлова «фразеологизмдер сөйлеу және жазба тілде бағалағыштық қызметімен ерекшеленіп, өзіндік бейнелі, эмоционалды-экспрессивті жағынан айтушы мен тыңдаушы арасында жай хабарласу, ойды көркем жеткізу ғана құралы емес, түрлі сезімдік жақтарына әсер ету мүмкіндігіне ие болатын бірліктер ретінде танылады» деп фразеологизмдердің қызметін атап айтқан болатын [1, б.18].

Әдетте фразеологизмдер мәтіннің барлық түрлерінде қолданылады: бейресми және ресми, ауызша және жазбаша. Фразеологизмдер ауызекі және жазбаша тілде жиі қолданылатындықтан, көркем шығармада оларды бейтарап аудару мәтіннің көркемдік құрылымын бұзуы мүмкін. «Фразеологизмдердің сөзден басты айырмашылығы олардың экспрессивтік функциясында, ақпарат арқылы сөйлеушінің ынтасы мен ниетін, яғни интенциясын жеткізуінде байқалады. Бұл тілдік сананың бағалауыштық, уәждемелік, сондай-ақ көңіл-күй іс-әрекетінің куммулятивтік көрінісін айқындайды және кең ауқымда қарастыруды қажет етеді» [2].

Көркем шығармалардағы фразеологизмдерді аудару мәселесі қазақ тіліндегі бірқатар зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Бұл еңбектерде фразеологизмдердің тілдік, мәдени және эстетикалық қырлары талданып, аударма теориясының ғылыми өзектілігі мен маңыздылығы ашып көрсетіледі. Ә. Тарақов «Аударманың теориялық және прагматикалық мәселелері» атты кітабында фразеологизмдердің түрлері мен олардың аударылу сипаты жайлы зерттеулер жүргізген. Ғалымның пайымдауынша, фразеологизмдерді аударуда түпнұсқадағы тұрақты сөз тіркесіне сәйкес берілген мағыналық, эмоционалды-экспрессивтік және функционалды-стилистикалық мазмұнын сақтау қажет. Аудармашы осыған ұқсас сәйкестіктер іздейді [3, б. 25].

А. Жұмабекованың «Аударматанудың негіздері» атты еңбегінде фразеологизмдерді аудару мәселесі «Фразеологиялық сәйкестіктер» атты бөлімде қарастырылған. Бұл бөлімде фразеологизмдер еркін тіркесу қабілетінен айырылған, мағыналық және құрылымдық жағынан ажырамас тұтастыққа ие тұрақты тіркестер ретінде сипатталады. Автор фразеологизм

мен сөздің лексикалық мәнін салыстыра отырып, олардың кей жағдайда синонимдес болатынын атап өтеді. Сонымен қатар, фразеологиялық балама, фразеологиялық аналог және калька тәрізді түрлердің арасындағы айырмашылықтар нақты мысалдар арқылы көрсетілген. Дегенмен, бұл бөлімде фразеологизмдерді аудару мәселесі жүйелі және жан-жақты түрде талданбаған [4].

С. Баснеттің айтуынша: «Көптеген аудармашылар көркем мәтіннің басқа элементтермен диалектикалық қарым-қатынаста екенін елемейді, бұл олардың мәтіннің кейбір аспектілеріне тым көп көңіл бөліп, басқа тұстарын ескермеуіне әкеледі». С. Баснеттің пікірі аударма процесінің күрделілігін айқын көрсетеді. Көркем мәтіндер тек тілдік құрылыммен шектелмей, мәдени, рухани, тарихи және әлеуметтік мәнмәтіндермен де байланысты. Аудармашылар мәтіннің барлық элементтерін ескеруі тиіс, себебі кейбір аспектілердің назардан тыс қалуы мәтіннің мәнін жойып, оқырманға теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан, диалектикалық қарым-қатынасты түсіну аударма сапасын арттыру үшін өте маңызды. Аудармашы әрқашан мәнмәтінді ескеріп, мәтіннің барлық элементтерін тең дәрежеде бағалауға тырысуы қажет [5 , б. 89].

Атақты С. Влахов пен С. Флорин «Непереводимое в переводе» атты еңбектерінде фразеологизмдерді аудару мәселесіне арнайы тоқталып, бұл тақырыпқа екінші тарауды арнаған. Зерттеушілердің пікірінше, «аударылмайтын бірліктер шкаласы» немесе басқаша айтқанда, «аудармада қиындық тудыратын бірліктер шкаласы» бойынша фразеологиялық тіркестер мен бірліктер (ФБ) ең жоғары орынды иеленеді. Авторлар тұрақты тіркестерге тән басты ерекшеліктердің бірі – олардың аударылуындағы күрделілік екенін атап өтеді. Бұл бағытты қолдаушыларды кейде «аударылмайтын бірліктер теориясының жақтаушылары» деп те атайды. Зерттеулерде көрсетілгендей, фразеологизмдерді аудару барысында тәжірибелі аудармашылар да жиі қиындықтарға тап болады [6].

С. Влахов пен С. Флорин фразеологизмдердің аударматанудағы орны мен оларды аударудың ерекшеліктерін жан-жақты талдаған. Олар фразеологизмді аударудағы негізгі қағиданың – фразеологизмді фразеологизммен аудару екенін көрсетеді. Егер мақсатты тілде баламасы болмаса, авторлар мынадай тәсілдерді ұсынады: толық баламалы аударма, мәнмәтіндік (жартылай эквивалент), калька (сөзбе-сөз аударма) және сипаттамалық аударма.

Толық фразеологиялық эквивалент – мағынасы, лексикалық құрамы, образдылығы, стилистикалық реңкі және грамматикалық құрылымы жағынан екі тілдегі фразеологиялық тіркестер толық сәйкес келсе, бұл тәсіл қолданылады. Әдетте мұндай баламалар мифтер, аңыздар, діни және әдеби тақырыптар немесе тарихи фактілер негізінде пайда болған халықаралық сипаттағы фразеологизмдерге тән.

Жартылай фразеологиялық эквивалент – бұл тәсілде түпнұсқадағы бейнелілік пен метафоралылық аудармада сақталмайды немесе ішінара

өзгереді. Аударма мағына жағынан жақын болғанымен, құрылымы мен көркемдік ерекшеліктері өзгеше болады.

Сипаттамалық аударма – фразеологиялық бірліктің негізгі мағынасы еркін сөз тіркесі немесе сөйлем арқылы сипатталып беріледі. Бұл тәсіл фразеологизмнің нақты баламасы болмаған жағдайда қолданылады.

Калька әдісі – бұл тәсіл фразеологизмді сөзбе-сөз аудару арқылы жасалады. Әдетте аудармашы фразеологиялық құрылымның тікелей мағынасын көрсету үшін немесе басқа тәсілдер қолдануға мүмкіндік болмаған жағдайда осы әдіске жүгінеді [6, б. 234].

М. Бекер «In Other Words» атты еңбегінің 3.2-бөлімінде фразеологизмдерді аудару мәселесін жан-жақты талдайды. Автордың пайымдауынша, фразеологизмді немесе фразеологиялық бірлікті басқа тілге аудару процесінің нәтижесі көптеген факторларға тәуелді. Бұл мәселе тек мақсатты тілде мағынасы ұқсас фразеологизмнің болуымен шектелмейді. Сонымен қатар, фразеологизмді құрайтын лексикалық элементтердің маңыздылығы, олардың бастапқы мәтінде ауызша не көрнекі түрде қолданылуы, сондай-ақ мақсатты тілдегі фразеологиялық тілдің қолданыс орындылығы да маңызды рөл атқарады [7, б. 114].

Осы көзқарасты негізге ала отырып, «Үркер» романындағы фразеологизмдерге М. Бекер ұсынған стратегиялар қолданылып, кешенді талдау жүргізілді. М. Бекер идиомалар мен тұрақты тіркестерді бір лингвистикалық негізде қатар қарастырады. Автордың пайымдауынша, «спикер немесе жазушы, әдетте, фразеологизмдерге келесі өзгерістердің ешбірін енгізе алмайды:

1. құрамындағы сөздердің орын тәртібін өзгерту;
2. белгілі бір сөзді алып тастау;
3. жаңа сөз қосу;
4. бір сөзді басқа сөзбен ауыстыру;
5. грамматикалық құрылымын өзгерту» [7, б. 115].

Ғалымдардың пікірлері фразеологизмдерді аударуда қолданылатын тәсілдер мен әдістердің әртүрлілігін көрсетеді. Аудармашы аударма процесінде мәтіннің стилі, мәдени ерекшеліктері мен контекстін ескере отырып, ең тиімді стратегияны таңдай білуі тиіс.

Фразеологизмдер – тілдің бейнелі, экспрессивтік-эмоционалды мүмкіндіктерін танытатын маңызды бірліктерінің бірі. Олар авторлық стильді, мәтіннің эмоционалдық реңкін және мәдени контекстін айқындауға ықпал етеді. Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романы – қазақ әдебиетіндегі көрнекті тарихи туындылардың бірі. Бұл шығармада қолданылған фразеологизмдер саны мен түрлік әртүрлілігі жағынан ерекшеленеді және романның көркемдік жүйесіне мағыналық тереңдік береді.

Аударма барысында фразеологизмдердің мағынасы мен стильдік ерекшеліктерін дәл жеткізу – күрделі үдеріс. Бұл түпнұсқа мәтіндегі мағыналық реңкті, эмоциялық әсерді сақтау қажеттілігімен, сонымен қатар қабылдаушы тілдің құрылымдық және мәдени ерекшеліктеріне бейімделу

қажеттілігімен байланысты. Сондықтан фразеологизмдерді аударуда стратегияны дұрыс таңдау аударма сапасына тікелей ықпал етеді.

Осы мақалада «Үркер» романындағы фразеологизмдерді аудару процесіндегі негізгі қиындықтар, қолданылған аударма стратегиялары және олардың нәтижелері жан-жақты талданады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу барысында салыстырмалы талдау әдісі қолданылып, түрік және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің мәтіндік контексте қолданылу ерекшеліктері анықталды. Сонымен қатар, мазмұндық талдау әдісі арқылы фразеологизмдердің семантикалық жүктемесі, стильдік реңкі мен контекстуалдық қызметі талданды. Кейс стади әдісінің көмегімен романдағы нақты фразеологизмдердің аударма үлгілері қарастырылып, түрлі стратегиялардың тиімділігі мен шектеулі тұстары сарапталды.

Зерттеу барысында жиналған мәліметтер сандық және сапалық талдау әдістерімен өңделді. Салыстырмалы талдау нәтижесінде тұрақты сөз тіркестерін аударуда қолданылған стратегиялардың нәтижелілігі мен мәнмәтінге сәйкестік деңгейі айқындалды. Қолданылған әдістер негізінде аударма стратегияларының ерекшеліктері жүйелі түрде сипатталып, ғылыми тұжырымдар мен практикалық ұсынымдар әзірленді.

Талқылау мен нәтижелер

Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романы – терең символикаға және ұлттық фразеологизмдерге бай көркем шығарма. Романдағы фразеологизмдер тек көркемдік құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар халықтың мәдениеті, өмір салты мен тарихи болмысын бейнелеу құралы ретінде де маңызды рөл атқарады. Аударма барысында фразеологизмдердің семантикалық мазмұны мен контекстуалдық мәні ерекше назарға алынуы тиіс, себебі олардың тілдік-мәдени жүйедегі орны айрықша. Зерттеушілердің пікірінше, « кез келген ұлттық әдебиет даму барысында басқа да көптеген (батыстық, шығыстық, америкалық т.б.) әдебиеттермен қарым-қатынасқа түседі. Олардың арасында мазмұндық, пішіндік ауыс- түйістер болып жатады. Өз кезегінде бұл факторлар әдебиеттің дамуына оң әсер етеді» [8].

Қазақ тіліндегі метафораға негізделген фразеологизмдер түрік тіліндегі метафоралы фразеологизмдермен де сәйкес келуі мүмкін, әсіресе метафорадағы кілт сөз екі тілде бірдей метафоралық әлеуетке ие болғанда. Мұндай жағдайда аудармашының жұмысы әлдеқайда жеңілдеп, эквивалентті аударма жасайды. Мәтінді талдау кезінде аудармашының алдында тұрған бастапқы міндет - лексикалық элементтердің белгілі бір тобы фразеологизмді құрайтынын тану, содан кейін оны сәйкесінше түсіндіру [7 , б. 65].

Фразеологизмді дер кезінде тани білу маңызды, өйткені бұл оның тура емес мағынасын аударма мәтінінде дұрыс жеткізуге мүмкіндік береді. Егер аудармашы осы бастапқы қадамды орындамаса, келесі кезеңде сөзбе-

сөз аудармаға жүгінуі мүмкін, ал мұндай жағдайда көбінесе мағынасы бұрмаланған аударма пайда болады. Көп сөзден тұратын күрделі құрылым фразеологизм ретінде танылған жағдайда, аудармашы бірқатар факторларды ескере отырып, сол фразеологизмді аударудың ең қолайлы стратегиясын тандауы тиіс. Бұл факторларға екі тілдің типологиялық ұқсастығы, олардың арасындағы тарихи-мәдени байланыстар, аудармашының кәсіби тәжірибесі, қолжетімді сөздіктер мен олардың сапасы және фразеологизмнің табиғаты жатады. Фразеологизмдерді мақсатты тілдегі мағынасы мен құрылымы жағынан ұқсас тұрақты тіркеспен аудару – ең тиімді тәсілдердің бірі болып саналады. Қазақ фразеологизмдері немесе кез келген өзге тілдегі тұрақты тіркестер мұқият зерттелсе, олардың қолданылуындағы мәдени ерекшеліктер мен тілдік дәстүрлер арасындағы тығыз байланыс айқын көрінеді.

Сондықтан фразеологизмдерді аудару барысында мәдениетаралық сәйкестік пен мағыналық дәлдік басты назарда болуы тиіс. Осы мақалада «Үркер» романындағы қазақ фразеологизмдерінің түрік тіліне мәтіндік контексте қалай аударылғаны нақты мысалдар арқылы талданады.

Түпнұсқасы: **Көз алдында** – әлгінде ғана ақ жайманың әр жер-әр жеріне бүрісе шоңқиған жиде тастары [9, б. 8].

Аудармасы: **Gözlerinin önünde**, az önce ak yazmanın dört bir yanında, elini ayağını bağrına çekmiş, büzülmüş çöküveren iğde taşları [10, б. 8].

Мұнда «көз алдында» фразеологизмі нақты және бейнелі түрде бейнеленген. Аудармада «gözlerinin önünde» тіркесі де дәлме-дәл аударылған, бұл фразеологизмнің визуалдық әсерін сақтайды. Аудармашы фразеологизмнің мағынасын терең түсініп, қосымша сипаттамалармен толықтырған, бұл мәдени контексті көрсетеді.

Түпнұсқасы: **Кәлимасын қайырды** [9, б. 13].

Аудармасы: **Kelime-i şahadet getirdi** [10, б. 9].

Бұл фразеологизм діни контексте қолданылған. «Кәлимасын қайырды» – «шахадат сөзін айтты» деген мағынада, ал «kelime-i şahadet» – исламдық мәнмәтінде таныс тіркес. Аудармада мәдени сәйкестік сақталып, фразаның мәні берілген.

Түпнұсқасы: Тіпті жандарына жақындап баруға **денең түршігетіндей** [9, б. 18].

Аудармасы: Hatta yanlarına yaklaşımaya insan korkuyor, **tüyleleri diken diken oluyor gibi** [10, б. 17].

Мұнда «дене түршігу» эмоциясы нақты көрсетілген. Аудармада да бұл сезім «tüyleleri diken diken oluyor» тіркесі арқылы берілген, бұл фразаның эмоционалды әсерін күшейтеді.

Түпнұсқасы: - **Бал аштырғалы** келдің бе, жоқ түс жорытқалы келдің бе? – деді Тайлан оң қолында отырған сыз қабақ жылтыр қара баланың кекіліне қолын апарып [9, б. 28].

Аудармасы: - **Fal baktırmaya** mı, rüyanı mı yorumlatmaya mı geldin? dedi Taylan, sağ yanında oturan çatık kaşlı, kara yağız çocuğun kahkülüne elini götürüp [10, б. 33].

Аудармада «бал аштыру» мен «түс жорытуды» «fal baktırma» және «güya uoğutlama» арқылы сәтті жеткізген. Әртүрлі мәдениеттердегі сәйкес фразеологизмдерді қолдану – аудармашының шеберлігін көрсетеді.

Түпнұсқасы: Оның үстіне **қоян жүрек** қорқақтығы үшін басына әйелдердің тіз киімін орап, бетіне күйе жағып, ел алдында масқараға ұшырайды [9, б. 98].

Аудармасы: Bununla birlikte **tavşan yürekli** korkaklığı için, başına kadınların diz giyimini bağlayıp, yüzüne de kara is sürüp, halkın önüne çıkar ve maskara edilir [10, б. 138].

«Қоян жүрек» фразеологизмі нақты қорқақтықты білдіреді. Аудармада «tavşan yürekli» тіркесі фразаның мәнін беріп, контексте қорқынышты сезімді дәл жеткізеді.

Қазақ және түрік мәдениеттерінде қоян бейнесі қорқыныш пен үрейдің символы ретінде қабылданады. Бұл екі халықтың мәдени-танымдық жүйесінде белгілі бір ұқсастықтар бар екенін көрсетеді. Фразеологизмдердің ұлттық мәдениетпен тығыз байланыста екендігіне қарамастан, кей жағдайларда әртүрлі тілдер арасында семантикалық және құрылымдық жағынан сәйкес келетін тұрақты сөз тіркестері кездесіп жатады. Мұндай жағдайда аудармашы фразеологизмді мақсатты тілдегі толық немесе ішінара баламасымен беруге тырысады. Тәжірибелі аудармашы, мүмкіндігінше, қабылдаушы тілде мағынасы мен әсері жағынан эквивалентті фразеологизмдерді қолдануға басымдық береді. Бұл стратегия тек лексикалық құрам мен қысқалықты емес, сондай-ақ фразеологизмнің түпнұсқадағы эмоционалдық-экспрессивтік әсерін де сақтау мақсатында жүзеге асырылады.

Көп жағдайда түпнұсқа тіліндегі фразеологизмнің лексикалық құрылымы аударылатын тілдегі баламасынан ерекшеленуі мүмкін. Дегенмен, олардың семантикалық мазмұны ұқсас болуы ықтимал. Мұндай ішінара сәйкестік жағдайында аудармашы мақсатты тілден мағынасы жағынан баламалы, бірақ лексикалық тұрпаты мен мәдени коннотациясы өзгеше фразеологизмді таңдай отырып, түпнұсқа мәтіннің әсерін сақтайтын нұсқа ұсынуы тиіс. Бұл үрдіс келесі мысалдарда нақты көрініс табады.

Түпнұсқасы: Кейде **жүрек жұтқан** батыр тәуекелінен таппайтын қайырды қорқақ үрейінен табады екен [9, б. 21].

Аудармасы: Bazen **aslan yürekli**, yiğit ve gözü pek cesaretinden bulamadığı hayrı, ürkek korkusundan bulurmuş insan [10, б. 20].

Түпнұсқасы: Итжемес **жағасын ұстады**. [9, б. 13]

Аудармасы: İtcemes, şaşkınlıktan az kalsın **dilini yutacak** gibi oldu [10, б. 9].

Түпнұсқасы: Бірақ, оның **жанын қинайтын** жәйттер тым көп еді [Үркер 27].

Аудармасы: **Ama yüreğini sızlatan**, huzurunu kaçırان meseleler çoktu [9, б. 31].

Парафраза – фразеологизмнің негізгі мағынасын мақсатты тілде сипаттамалық жолмен жеткізуге негізделген аударма стратегиясы. Бұл

тәсілде мағыналық тұрғыдан дәл балама, фразеологиялық-семантикалық эквивалент немесе танымал бірліктер қолданылмайды. Нәтижесінде фразеологизмнің экспрессивтік әсері толығымен жоғалып, оған байланысты мәдени астар мен коннотациялар мақсатты мәтінде сақталмайды. Қарастырылып отырған екі тіл мен мәдениет елеулі айырмашылықтарға ие болған жағдайда, парафраза көбіне ең бейтарап және кеңінен қолданылатын стратегиялардың бірі болып саналады.

Түпнұсқасы: Не де болса, өзі ашқан балды өзі жорымауға **бел буды** [10, б. 8].

Аудармасы: Ne olursa olsun, kendi baktığı falı kendisi yorumlamamaya, hiçbir şeye yormamaya **karar verdi** [10, б. 3].

Түпнұсқасы: – Жездеңе айт, ұрыншылап келген күйеудей тұмшаланып жатып алғаны несі? Ел ұстайтын кісі, ең болмаса, анда-санда жұртқа елтең-селтең **қарасын көрсетпес** болар ма деді [9, б. 11].

Аудармасы: – Eniştene söyle: «Ne o, uğrun gelmiş damat gibi kapanmış, dışara çıkmadan yatıyor. Halka baş olan kişi hiç olmazsa, arada bir kalabalığın arasına girip, millete görünmez miydi?» demişti [10, б. 7].

Түпнұсқасы: Кең даланы еркін шарлап жүрген төрт аяқтының көкірегіндегі шыбын жан қоныр үйдің түрулі іргесінен кең дүниеге **көзін сатқан** екі аяқтының кеудесіне ұшып қону үшін содан басқа ештеңе қажет емес [9, б. 11].

Аудармасы: Engin bozkırda hür dolaşan dört ayaklının gövdesindeki sinek kadar küçücük canım uçup, sade, yoksul otağın keçeleri dürrülmüş keregesinden geniş cihana **umutlu gözlerle bakan** iki ayaklının gövdesine gelip konaklaması için, bundan başka hiçbir şey gerekmez [10, б. 8].

Аудармашы кей жағдайда фразеологизмнің лексикалық компоненттерін сөзбе-сөз аудару стратегиясын қолдануы мүмкін. Бұл тәсіл мынадай жағдайларда орынды деп есептеледі: егер екі тілдің метафоралық әлеуеті ұқсас болса; мақсатты тілде сөзбе-сөз балама қолайлы әрі түсінікті саналса; аудармашы сәйкес фразеологиялық баламаны таба алмаса; сөздіктерде қажетті мағына берілмесе немесе фразеологизм түпнұсқада өзгеріске ұшыраған болса. Мұндай жағдайларда сөзбе-сөз аударма аудармашы үшін ең ыңғайлы не мәжбүрлі түрде таңдалатын шешім ретінде қарастырылады.

Түпнұсқасы: **Ат шаптырым** ақ орданың сол жағында манадан бері үнсіз отырған сүйек басы күйеуіне келетін кең маңдай, қыр мұрын, жайнақ көз бәйбішенің ақ борық тамағына болмашы діріл жүгірді, бірақ бұлтиған етті еріндері сол **бүлк етпеген** қалпы қала берді [9, б. 8].

Аудармасы: **At koşturacak kadar** geniş ak ordanın sol tarafında, deminden beri sessiz oturan, çehresi kocasını andıran, geniş alını, düz, biçimli ve ince burunlu, neşe saçan parlak gözleri olan hanımı kireç gibi gedanı, belli belirsiz titredi; fakat dolgun, etli dudakları o **kıpırtısız halini** sürdürüyordu [10, б. 2].

Түпнұсқасы: - Баласын көрдің бе? Өсіп пе? Өскенде қандай, **аттың құлағында ойнайды** [9, б. 11].

Аудармасы: - Oğlunu gördün mü ? - Büyümek ne demek, **Atın kulağında oynuyor** [10, б. 7].

Түпнұсқасы: **Ат суытып алайын** деп, жусаны мен жапағы қалың көлдеу ойдың ортасындағы алда төмпектің қасына кеп тоқтады. [9, б. 12]

Аудармасы: **Atı biraz dinlendirmek** niyetiyle, pelini ve yapağı gibi yumuşak otları bol, gölü andıran bir ovanın ortasındaki, biraz yüksekçe toprak uğınının yanına gelip durdu [10, б. 8].

Түпнұсқасы: Онда осы күннің өзінде пұшпақ тістелеп, зорға талшық айырып отырған қазақ **қара судан қаймақ қарап** біржола пұшайман боп қалды дей беріңіз. [9, б. 13]

Аудармасы: Öyle bir durumda, bugün bile sadece deri çiğneyip, zor bela azık temin etmekte olan Kazak, **kara sudan kaymak arayan** insan haline düşecek, her şeyden **ümidini kesecektir** [10, б. 10].

Түпнұсқасы: Соның өзі тап онша алыста да емес, **қол созым жерде тұрғандай** [9, б. 19].

Аудармасы: O da pek uzakta değil, **elini uzatsa tutacağı yerde** gibi [9, б. 18].

Фразеологизмдерді мақсатты мәтінге енгізбей, қасақана аудармай қалдыруды «түсіру» стратегиясы деп атайды. Бұл тәсіл кей жағдайда авторлық стиль мен мәтіннің контекстуалдық тұтастығын сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, түпнұсқадағы атмосфераны жеткізуге кедергі келтірмеу үшін де тиімді саналады.

Кейбір фразеологизмдер мәдени немесе тілдік ерекшеліктерге байланысты мақсатты аудиторияға түсініксіз болуы мүмкін. Мұндай жағдайда, мәтіннің мағынасы бұлыңғыр болмас үшін, аталған стратегияны қолдану орынды. Фразеологизмдерді аудармай қалдыру оқырманның қабылдауын жеңілдетуге және аударма мәтіннің ішкі үйлесімділігін сақтауға бағытталады. «Үркер» романынан алынған мысалдарға келетін болсақ:

Түпнұсқасы: Сұлтанның **жүрегі шым ете қалды** [9, б. 587].

Аудармасы: жоқ

Түпнұсқасы: Қанша дегенмен, өзі біркісінің **жүрегін тітіркендіретіндей** тосын шаруа еді [9, б. 664].

Аудармасы: жоқ

Түпнұсқасы: Баяғыдан бері осының бағының жанбағанына тілектес боп сырттай көз сатып отырған талай **қара жүректің** құдайлары береді де қалады [9, б. 708].

Аудармасы: жоқ

Аталған фразеологизмдердің аудармада түсіп қалуы – аудармашының саналы әрі мақсатты тандауы деуге болады, себебі бұл тіркестерді тікелей аудару түпнұсқадағы эмоциялық реңкті бұрмалап, мақсатты аудитория үшін түсініспеушілік тудыруы мүмкін. Кейбір фразеологизмдер терең семантикалық мазмұн мен мәдени-эмоциялық жүктеме арқалағандықтан, оларды өзге тілде дәл жеткізу қиынға соғады. Мұндай жағдайларда аудармадан әдейі алып тастау – түпнұсқаның көркемдік тұтастығы мен ішкі мағынасын сақтау үшін тиімді стратегия болып табылады. «Түсіру» стратегиясы мәтіннің стилистикалық біртұтастығын сақтауға көмектесе

алғанымен, кейбір семантикалық және мәдени ақпараттың жоғалуына себеп болуы мүмкін. Бұл, өз кезегінде, оқырманның мәтінді толық түсінуіне және фразеологизмнің мәдени астарын қабылдауына кедергі келтіреді.

Кейде көркемдік тегістеу немесе фразеологизмдердің түсірілуі шығарманың стилистикалық әртүрлілігін төмендетіп, оның эмоционалдық әсерін әлсіретуі ықтимал. Сонымен қатар, аударылмаған фразеологизмдер оқырманның назарын аудармай, мәтіннің тартымдылығын төмендетуі мүмкін. Сондықтан, «түсіру» стратегиясын қолдану кезінде мәтін контексті, мәдени айырмашылықтар және көркем шығармаға тән тұтас әсер ескерілуі қажет.

Мақалада «Үркер» романындағы фразеологизмдерді аударудың негізгі стратегиялары қарастырылды. Тұрақты сөз тіркестері – тілдік бірліктердің ерекше категориясы, олар көркем мәтінде терең мағына мен стильдік реңк беруге қызмет етеді. Аударма процесінде фразеологизмдерді дәл жеткізу үшін түпнұсқадағы мағыналық, эмоциялық және эстетикалық жүктемені сақтау аса маңызды.

Зерттеу барысында фразеологизмдерді аудару стратегияларының бірнеше түрі айқындалды: мақсатты тілдегі ұқсас фразеологизм арқылы аудару, эквиваленттілік аударма, түсіру, парафраза, баламалы аударма және сөзбе-сөз аударма. Әрбір стратегияның өзіне тән артықшылықтары мен шектеулері бар. Сондықтан аудармашы шығарманың жанрына, стиліне және коммуникативтік мақсатына сәйкес келетін тәсілді таңдауы тиіс.

Фразеологизмдерді сәтті әрі дәл аудару үшін мәдени мәнмәтін, семантикалық ерекшеліктер мен тілдің лексикалық байлығы міндетті түрде ескерілуі тиіс. Өйткені олардың дұрыс жеткізілуі көркем мәтіннің түсініктілігіне, әсерлілігіне және мазмұндылығына тікелей ықпал етеді.

Сонымен қатар, аударма стратегияларын талдау арқылы тілдер арасындағы мәдени байланыстың тереңдігі мен әртүрлілігі ашылып көрсетіледі. Аударматану саласында бұл аспектілерді терең зерттеу тіл мен мәдениетті өзара байытуға, сондай-ақ халықаралық әдеби алмасу мен мәдени диалогты нығайтуға елеулі үлес қосады.

Қорытынды

Фразеологизмдер – белгілі бір мәдени ортада қалыптасқан күрделі тілдік бірліктер. Оларды аудару барысында аудармашының тілдік құзыреттілігі мен түпнұсқа және мақсатты тіл арасындағы мәдени әрі құрылымдық сәйкестіктер шешуші рөл атқарады. «Үркер» романындағы фразеологизмдерге жүргізілген талдау олардың түрік тіліне аударылуында әртүрлі стратегиялардың қолданылғанын көрсетті. Атап айтқанда, парафраза, сөзбе-сөз аударма, баламалы құрылымдарды пайдалану және кейбір жағдайда фразеологизмдерді түсіру сияқты тәсілдер жиі байқалады.

Талдау барысында кейбір фразеологиялық бірліктердің сөзбе-сөз аудармасы мақсатты тілде стилистикалық немесе семантикалық тұрғыда қолайсыз құрылымдар қалыптастыруы мүмкін екені анықталды. Бұл құбылыс, әсіресе мәдени астары терең тұрақты тіркестерді тікелей аудару

кезінде жиі кездеседі. Сондықтан фразеологизмдерді аударуда мәдени контекстті ескере отырып, мағына мен функцияны тең дәрежеде сақтайтын тиімді тәсілдерді қолдану қажеттілігі туындайды.

Аудармашылардың фразеологиялық құрылымдарды дәл танып, оларды мақсатты тілдің нормаларына икемдей алуы – кәсіби шеберліктің маңызды көрсеткіші. Бұл ретте түрік тілінің фразеологиялық жүйесін, метафоралық модельдерін және мәдени кодтарын меңгеру, сондай-ақ стильдік үйлесімділікті сақтау – сапалы аударманың негізгі талаптарының бірі болып табылады.

Сонымен қатар, фразеологизмдерді лексикографиялық тұрғыдан жинақтау мен жүйелеу барысында олардың тек дәстүрлі нұсқаларын ғана емес, құрылымдық және мағыналық өзгергіштік әлеуетін де ескеру қажет. Себебі зерттеу нәтижелері фразеологизмдердің лексикалық құрамының түрленуі, синтаксистік бейімделуі және мәнмәтінге икемделуінің жиі кездесетінін көрсетті.

Зерттеудің тағы бір маңызды нәтижесі – қазақ және түрік тілдерінің қазіргі кезеңдегі лексикалық, синтаксистік және семантикалық үдерістерін құжаттау мен салыстырмалы зерттеу үшін параллельді қазақ–түрік тілдік корпусын құрастыру қажеттігі. Мұндай корпус аударматану, контрастивті лингвистика және мәдениаралық коммуникация салаларында құнды ғылыми ресурс ретінде қызмет ете алады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Смағұлова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда: монография. – Алматы: Елтаным баспасы, 2020. – 256 б.

[2] Қоянбекова С.Б., Сатинбекова М.М., Кубдашева К.Б., Нұрмұхаметова Қ.Т. Экспрессивтік стилистика: қазақ тіліндегі фразеологизмдердің ұлттық кодтағы лингвомәдени парадигмалары // ҚазХҚжәнеӨТУ Хабаршысы ғылыми журналы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2024. – Том 74 № 3. – Б. 135-153.

[3] Тарақов Ә.С. Аударманың теориялық және прагматикалық мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 153 б.

[4] Жұмабекова А.Қ. Аударматанудың негіздері. – Астана: Полиграфкомбинат, 2015. – 288 б.

[5] Susan Bassnett. Translation Studies. – New York: Routledge Taylor & Francis Group, 2014. – 190 б.

[6] Флорин С.И., Флорин С.П. Непереводимое в переводе. – Москва: Р.Валент, 2012. – 406с.

[7] Baker M. In other words: A coursebook on translation. – Routledge, London and New York, 2018. – 304 p.

[8] Токшылыкова Г.Б., Каримова Г.С., Казтаева А. Қ. Әлем әдебиеті мұраларының аударылу жайы // ҚазХҚжәнеӨТУ Хабаршысы ғылыми журналы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2024. – Том 74 № 3 (74). – Б.404-416.

[9] Кекілбаев Ә. Үркер. – Алматы: Мазмұндама, 2023. – 736 б.

[10] Kekilbayuli A. Ülker. Cilt I. Ankara: Atatürk Kültür Merkezi Yayınları, 2002. – 335 б.

REFERENCES

[1] Smağūlova G. Qazaq frazeologiasy lingvistikalıyq paradigmalarda: monografia. [Kazakh Phraseology in Linguistic Paradigms: Monograph]. – Almaty: Eltanym baspasy, 2020. – 256 b. [in Kaz.]

[2] Qoianbekova S. B., Satinbekova M. M., Kubdaşeva K. B., Nürmūhametova Q. T. Ekspresivтік stilistika: qazaq tılındegі frazeologizmderdіñ ūlttıyq kodtağy lingvomādeni paradigmaları. [Expressive Stylistics: Linguocultural Paradigms of Kazakh Phraseologisms in the National Code] // QazHQjäneÄTU Habarşysy ğylymi jurnaly, «Filologia ğylymdary» seriesy. – 2024. – Tom 74 № 3. – B. 135-153. [in Kaz.]

[3] Taraqov Ä. S. Audarmanyñ teorıalyq jäne pragmatikalıyq мәseleleri. [Theoretical and Pragmatic Issues of Translation] – Almaty: Qazaq universiteti, 2016. – 153 b. [in Kaz.]

[4] Jūmabekova A. Q. Audarmatanudyñ negızderi. – Astana: Poligrafkombinat, 2015. [Fundamentals of Translation Studies] – 288 b. [in Kaz.]

[5] Susan Bassnett. Translation Studies. – New York: Routledge Taylor & Francis Group, 2014. [] – 190 bet.

[6] Florin C. İ., Florin S. P. Neperevodimoe v perevode. [The Untranslatable in Translation] – Moskva: R. Valent, 2012. – 406с. [in Rus.]

[7] Baker M. In other words: A coursebook on translation. – Routledge, London and New York, 2018. – 304 p.

[8] Tokşylykova G. B., Karimova G. S., Kaztaeva A. Q. Älem ädebieti mūralarynyñ audarylu jaiy. [The Translation of World Literary Heritage] // QazHQjäneÄTU Habarşysy ğylymi jurnaly, «Filologia ğylymdary» seriesy. – 2024. – Tom 74 № 3 (74). – B. 404-416. [in Kaz.]

[9] Kekılbaev Ä. Үркер. [Urker] – Almaty: Mazmundama, 2023. – 736 b. [in Kaz.]

[10] Kekilbayuli A. Ülker. Cilt I. [Urker] – Ankara: Atatürk Kültür Merkezi Yayınları, 2002. – 335 b. [in Tur.]

СТРАТЕГИИ ПЕРЕВОДА ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ПРОИЗВЕДЕНИИ (ПО РОМАНУ АБИША КЕКИЛЬБАЕВА «УРКЕР»)

* Оразбаева М. К. ¹

* ¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан

Аннотация. Перевод – это процесс передачи смысловых, культурных и прагматических аспектов целевого текста на другом языке. Однако перевод фразеологических и культурно обусловленных устойчивых выражений по-прежнему представляет собой сложную задачу для переводчиков, поскольку

такие единицы насыщены национальными и культурными коннотациями.

Цель данной научной статьи – всесторонне исследовать трудности, возникающие при переводе фразеологизмов из казахского языка на турецкий в романе «Үркер» Абиша Кекилбаева, а также стратегии, применяемые для их преодоления.

Исследование включает в себя несколько ключевых направлений. В первую очередь дается теоретическое определение термина «фразеологизм» и рассматривается его функция в переводческом контексте. Поскольку фразеологизмы, представленные в романе, играют особую роль в отражении культурного облика и исторического сознания казахского народа, при их переводе необходимо учитывать культурные коннотации и символику. Кроме того, с помощью количественного и качественного анализа исследуются основные стратегии, применяемые при переводе фразеологизмов с казахского на турецкий язык.

Научная значимость статьи определяется системным анализом типов и частоты переводческих стратегий, использованных при передаче фразеологических единиц из романа «Үркер» на турецкий язык. В результате исследования были выявлены следующие четыре ключевые проблемы:

1. Наиболее часто применяемые стратегии – дословный перевод и семантический эквивалент; за ними следуют парафраз, опущение и другие методы.

2. В отдельных случаях дословный перевод способствует включению казахских фразеологизмов в турецкую лексику.

3. Дословно переведённые выражения могут восприниматься как «чуждые» или непонятные, что затрудняет их восприятие читателем.

4. В случае, если значение фразеологизма раскрыто недостаточно, дословный перевод оказывается неудачным.

Характер переводческих стратегий, причины их использования, влияние на переведённый текст, а также их воздействие на казахский и турецкий языки подвергаются глубокому анализу, что повышает практическую значимость проведённого исследования.

Ключевые слова: фразеологизмы, перевод, оригинал, роман, стратегия, стиль, анализ, контекст, Үркер

TRANSLATION STRATEGIES OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN A LITERARY WORK (BASED ON ABISH KEKILBAYEV'S NOVEL «URKER»)

* Orazbayeva M.K. ¹

* ¹ al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. Translation is the process of conveying the semantic, cultural, and pragmatic aspects of a source text into another language. However, the translation of phraseological and culturally bound fixed expressions remains a complex challenge for translators, as such units are deeply embedded with national and cultural connotations.

The primary objective of this scholarly article is to comprehensively examine the difficulties that arise in the process of translating phraseological units from Kazakh into Turkish in Abish Kekilbayev's novel *Ürker*, as well as the strategies employed to overcome these challenges.

The study comprises several key directions. First, a theoretical definition of the term “phraseologism” is provided, and its function within the context of translation is explored. Since the phraseological units used in the novel play a crucial role in reflecting the cultural identity and historical consciousness of the Kazakh people, their translation requires careful attention to cultural connotations and symbolic meanings. In addition, the main translation strategies applied to Kazakh–Turkish phraseological equivalents are examined through quantitative and qualitative methods.

The scholarly significance of the article lies in its systematic analysis of the types and frequency of translation strategies used to render phraseological expressions from the novel *Ürker* into Turkish. The findings of the study identify the following four key issues:

1. The most frequently applied strategies are literal translation and semantic equivalence, followed by paraphrasing, omission, and other techniques.
2. In certain cases, literal translation contributes to the integration of Kazakh phraseological units into Turkish lexical usage.
3. Phraseological expressions rendered literally may appear “foreign” or unintelligible, potentially hindering reader comprehension.
4. When the meaning of a phraseologism is not fully conveyed, literal translation often proves ineffective.

The nature of translation strategies, the reasons for their application, their influence on the translated text, and their broader impact on both Kazakh and Turkish languages are subjected to in-depth analysis, thereby enhancing the practical relevance of the research.

Keywords: phraseology, translation, original, novel, strategy, style, analysis, context, *Urker*

Мақала түсті: 08 қараша 2024

Авторлар туралы мәлімет:

Оразбаева Меруерт Қазбекқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Түріктану және Шығыс елдерінің тарихы кафедрасының докторанты, Алматы, Қазақстан, e-mail: orazbayevameruyert@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-7791-7712>

Информация об авторах:

Оразбаева Меруерт Казбековна – докторант кафедры Туркологии и истории стран Востока Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: orazbayevameruyert@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-7791-7712>

Information about the authors:

Orazbayeva, Meruyert Kazbekkyzy – Doctoral Candidate of Department of Turkish Studies and History of the East, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: orazbayevameruyert@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-7791-7712>